

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Қазақстан
Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
арасындағы өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Нұр-Сұлтан қаласы

Алматы қаласы

Бұдан әрі «Жоғарғы Сот» деп аталатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының атынан «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңға сәйкес әрекет ететін Төраға **Жақып Қажманұлы Асанов**, бір тараптан, бұдан әрі «Агенттік» деп аталатын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің атынан Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығымен бекітілген Агенттік туралы ереженің негізінде әрекет ететін төраға **Мәдина Ерасылқызы Әбілқасымова**, екінші тараптан, бірлесіп тараптар деп аталатын, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, дауларды сотқа дейін, соттан тыс реттеудің баламалы институттарын қолдану мәселелері бойынша ынтымақтастық қажет деп есептей отырып, Өзара ынтымақтастық туралы меморандумда (бұдан әрі – Меморандум) төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Ынтымақтастық қағидаттары

1.1. Тараптар арасындағы ынтымақтастық Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, өзара қарым-қатынастардың әдеп нормаларын сақтау, Меморандум шарттарын адал сақтау қағидаттарына негізделеді және жүзеге асырылады.

1.2. Тараптардың әрқайсысы Меморандум ізгі ниет актісі болып табылатынын растайды және Тараптардың белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін адал ынтымақтасуға өзара ниетін баяндайды, сондай-ақ құқықтар мен міндеттерді белгілейтін шарт немесе өзге құжат ретінде түсіндірілмейді.

2. Меморандумның мәні мен мақсаттары

2.1. Меморандумның мақсаты Тараптар арасындағы өзара іс-қимылдың бағыттары мен нысандарын айқындау жөніндегі практикалық қызметті үйлестіру, сондай-ақ бірлескен бастамаларды іске асыру болып табылады.

3. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

3.1. Тараптар ынтымақтастығының басым бағыттары:

- қаржылық қызметтерді тұтынушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін уақтылы қорғау және қалпына келтіру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялануы, пайдаланылуы не берілуі шектелген ақпаратты қоспағанда, банктік қарыз, микрокредит беру туралы шарттарынан туындайтын дауларды сотқа дейінгі, соттан тыс, сотта реттеуге байланысты мәселелер бойынша ақпарат алмасу;
- банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу құралдарын тиімді пайдалануға және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыруға жәрдемдесу;
- дауларды сотқа дейінгі, соттан тыс реттеудің баламалы институттарын тарату және белсенді қолдану саласындағы ынтымақтастық.

4. Өзара іс-қимыл нысандары

4.1. Ынтымақтастық бағыттарының шеңберінде Тараптардың өзара іс-қимыл жасау нысандары:

- бірлескен конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу;
- құқықтық ақпаратпен және сот практикасы материалдарымен алмасу;
- мыналарға:

1) екінші деңгейдегі банктермен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен (бұдан әрі – банктер) микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен (бұдан әрі – микроқаржы ұйымдары), коллекторлық агенттіктермен дауды сотқа дейін және соттан тыс реттеудің міндетті рәсімі туралы түсіндіру жұмыстарына;

2) банктердің, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің дауларды сотқа дейін, соттан тыс реттеуге байланысты дауларды шешуге бағытталған балама институттарды қолдану жөніндегі іс-қимыл алгоритмін әзірлеуге бағытталған іс-шаралар болып табылады.

4.2. Меморандумның мақсаттары үшін Тараптар жұмыс топтарын құра алады және ынтымақтастыққа жауапты уәкілетті өкілдерді айқындай алады.

5. Құпиялылық

5.1 Тараптар алған кез келген ақпарат немесе деректер, егер ұсынылатын ақпарат құпия ретінде жазбаша анықталған жағдайда, құпия ретінде қаралады. Құпия ақпарат немесе деректер Меморандумның

мақсатынсыз және құпия ақпаратты беретін Тараптың рұқсатысыз үшінші тұлғаларға ашып көрсетілмейді.

5.2. Құпия ақпараты бар ақпарат берілген жағдайларда ақпарат алмасу құпия деректерді беруге қойылатын талаптар сақтала отырып, жүзеге асырылады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, 5 жыл ішінде қолданыста болады, егер Тараптардың ешқайсысы қарсылық білдірмесе, автоматты түрде келесі 5 жылға ұзартылады.

Кез келген Тарап екінші Тарапқа Меморандумды бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта Меморандумның қолданысын тоқтатуға құқылы.

6.2. Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке құжаттармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6.3. Меморандум шарт болып табылмайды, Тараптар үшін ешқандай заңды және қаржылық құқықтар мен міндеттер жүктемейді.

6.4. Меморандумды түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

6.5. Меморандумға 4 (төрт) данада: мемлекеттік тілде 2 (екі) данада және бірдей заңды күші бар орыс тілінде 2 (екі) данада қол қойылады.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
Төрағасы**

**Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігінің
төрағасы**

_____ **Ж.Асанов**

_____ **М.Әбілқасымова**